

Алпысбаев Е. А

«Көлік колледжі» КМҚК

Ғылыми жетекшісі: Ораз А. Ә

ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЕСКЕРТКІШТЕРДІ ҚОРҒАУ МЕН САҚТАЛУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Мәдени мұра заттық және бейзаттық деп екіге бөлінеді. Заттық мәдени мұраға ескерткіштер мен жәдігерлер жатса, бейзаттық мұраға эпикалық мұра, ұлттық музыка, айтыс, күйшілік, шешендік өнер, фольклор, салт-дәстүр, қолөнер, ұлттық ойындар, мифология және т.б. жатады. Қазақстан егемендік алғаннан бергі ширек ғасырда технологиялық және әлеуметтік жаңғыру процестерінің тез жүруі мен жерді өндірістік, шаруашылық мақсатта қарқынды игеруі кеңінен етек алды. Бұл өз кезегінде әртүрлі маңыздағы тарихи-мәдени ескерткіштердің жойылуы мен олар орналасқан мәдени ландшафтының бұзылуына алып келді. Тарихқа көз жүгіртсек, еліміздегі археологиялық ескерткіштер адами әсерден жаппай бұзылудың мынадай бірнеше ірі сатысын бастан өткерген: Бірінші – патшалық Ресейдің Қазақ даласын отарлаудағы басты құралы – казак отрядтары мен жаппай қоныстанған келімсектердің Қазақ даласында алтын іздеп, арнайы түрде обаларды шахталық әдіспен жаппай тонаулары. Кейбір казак жасақтарының құрамында мыңға дейін адам болған делінген дерек бар. Осы XVIII ғасырдың ортасы мен XIX ғасырдың аяғында казак жасақтарынан тыс Қазақ жеріне әртүрлі мақсатпен келген экспедициялар, саяхатшылар ел мұрасын өзге елге сұраусыз әкетіп отырған. Екінші – кеңестік кезеңдегі тың игеру уақыты. Жоспарды асыра орындау үшін қажетті, қажетсіз мақсатта жерлер жыртылып, бар-жоғы үш жылда елімізде мыңдаған ескерткіштер мәдени ландшафтысымен бірге бұзылды.[1] Бірақ бұл кезеңде Қазақстан бойынша археологиялық барлау жұмыстары жүргізіліп, нәтижесінде, 1960 жылы алғаш рет Қазақстанның археологиялық картасы жасалған еді. Егемендік алып, етек-жеңімізді жия бастаған жылдарда археологиялық ескерткіштер жаппай бұзылу мен тоналудың үшінші ірі сатысынан өтуде. Бұл кері процесті дер кезінде тоқтатпасақ, келер ұрпақ алдында кешірілмес үлкен күнәға батарымыз айдай анық! Қазақстан Республикасының заңы бойынша, жер, не су астында көмулі қалған археологиялық мұра нысандары (тас дәуірінен кейінгі ортағасырларға дейінгі қала жұрттары, обалар, жартастағы суреттер, қоныстар мен тұрақтар және т.б.) мемлекеттің меншігі мен қорғалуында болуы тиіс. Мемлекеттік есептегі ескерткіштерден тыс жыл сайын археологиялық барлау жұмыстары барысында жаңа ескерткіштер табылып жатады. Археологиялық ескерткіштерде жүргізілетін жұмыстардың барлық түрі арнайы рұқсат – лицензия негізінде жүзеге асады. Қазба

жүргізген әр жеке және заңдық тұлға табылған жәдігерлерді зерттеу жұмыстарын жасап болғаннан кейін мемлекеттік Музей қорларына тапсыруы тиіс. Өз қолдарында көп уақыт ұстау, не жеке мүддесі үшін пайдалану заңсыз болып табылады. Шын мәнінде, біздің елде археологиялық мұра нысандарындағы жұмыстар мерзімсіз берілген лицензия түрінде жүргізіледі. Соның салдарынан қай тұлғаның (заңды және жеке) Қазақстанның қай жерінде, қандай нысанды, қай әдістемеге сүйеніп қазғанын, нендей жәдігерлер тапқанын және қазылған ескерткіштер қалай жабылғанын, не жаңғыртылғанын еш құзырлы мекеме толық білмейді. Бүгінде археологиялық мұраларды жинаумен айналысатын сол жеке коллекционерлер мен әуесқойлар біздің заңдағы олқылықты, шекараның ашықтығы және жұрттың ақпаратпен толық қамтылмағандығын пайдаланып, Қазақстан жерінде өз әрекеттерін емін-еркін жалғастыруда. Яғни, археологиялық жәдігерлер түріндегі ұлттық құндылықтарымызды турист ретінде келіп, ел аралап, тиынға сатып алып, шетке әкетуде. Тіпті, жергілікті әуесқой көмбе іздеушілердің топтары құрылып, кейбірі ауқымды түрде тонаушылық қазбалар жасап жүр. Мұндай тонаушылық әрекеттер Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан және Алматы облыстарында қатты өршіп тұр. [2]

Мұраларымызды сақтаймыз десек, жаппай дертке айналмай тұрғанда, тонаушылық қазбалар мен металл детектормен қаруланған көмбе іздеушілерді құрықтау қажет. Бұл жерде елден өз заманында шетке әкетілген мәдени құндылықтарды қайтару – реституция мәселесі қайта туындайды. Осы мәселемен шағын жұмыс тобы айналысып, әкетілген құндылықтардың (тек археологиялық жәдігерлер ғана емес, оған қоса антропологиялық және палеоостеологиялық топтамалар да) толық тізімін жасау және халықаралық құжаттар мен құндылықтар сақталған елдің заңдарына сүйене отырып, олардың түпнұсқаларын, не көшірмелерін жасату арқылы қайтарудың жолдарын іздеуі тиіс деп санаймын.

Бұл бағыттағы жұмыстар Қызылорда облысы әкімдігінің қолдауымен басталып, аталмыш облыс аумағында жарты ғасыр бұрын қазба жүргізген археологиялық экспедициялардың Мәскеуге әкетілген жәдігерлерінің көшірмелері жасалынды. Өткен жылы Мәдениет және спорт министрлігі тарапынан үкіметтік деңгейде Кейкі батырдың бас сүйегінің қайтарылуы осы бағыттағы жұмыстардың басы деп санаймыз. Музейлер арасындағы халықаралық байланысты нығайту, мәдени құндылықтарды заңсыз саудалау, құндылықтарды табылған еліне қайтару мәселелерінде Халықаралық музейлер қауымдастығының Қазақстандық өкілдігі – ИКОМ Қазақстанның алар орны ерекше. Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғаудың тағы бір жолы – облыстар бойынша әр деңгейдегі есепте тұрған және жаңадан ашылған тарих және мәдениет ескерткіштерін жаппай инвентаризациядан өткізіп, Қазақстанның археологиялық нысандарының ұлттық тізімін дайындау қажет. Әрине, әр облыста әр жылдарда әр деңгейде дайындалған өңірдегі тарих және

мәдениет ескерткіштерінің жинақтары баспадан шығарылған-ды. Бүгінде бұл мәліметтер жаңа ескерткіштердің ашылуымен толықты. Ескерткіштер жинағын облыс емес, әр аудан бойынша жіті барлау жасап, құжаттау өзекті болып отыр.[4] Осы ақтандақтардың Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша орнын толтыру мақсатында Қазақстанда алғаш рет 2004 жылы археолог М. Елеуовтің бастамасымен далалық барлау жұмыстарының нәтижесінде «Оңтүстік Қазақстан облысының археологиялық картасы.

Түлкібас ауданы» атты әкімшілік ауданның жинағы баспадан шықты. Кейіннен 2008 жылы аталған археолог бастаған топ жеке кәсіпкер – «Абди компани» АҚ-тың президенті Ә.Бимендиевтің қаржылай қолдауымен Оңтүстік Қазақстан облысының Созақ ауданындағы Қаракұр ауылдық округінде археологиялық барлау жұмыстарын жүргізіп, «Қаракұр ескерткіштері» атты ауылдық округтің ескерткіштер жинағын шығарып, кітапты өз ауылының қазынасын біле жүрсін, қорғай жүрсін деген мақсатпен тұрғындарға таратқан. Бұл жұмыстың нәтижесінде бір ауылдық округтің аумағынан 61 ескерткіш жаңадан табылып, ғылыми айналымға енгізілді. Бұл бағыттағы археологиялық барлау, есепке алу, құжаттауды әр әкімшілік аудан бойынша ұзақ жылдар бойы жүргізіп, дайындаған әзірге Жамбыл, Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстары ғана болып отыр. [3]

Сондықтан республика бойынша бізге белгілі 25 000-нан астам тарих және мәдениет ескерткіштерінің саны төрт-бес есе өсуі мүмкін. Республикалық маңызы бар мемлекеттік тізімдегі 218 нысанның саны да арттары анық. Жоғарыда мысал келтіргендей, бұл жаппай науқанға бизнес өкілдерін де тарту маңызды. Есепте тұрған және жаңадан ашылған археологиялық ескерткіштердің бұзылуын бақылап, жиі мониторинг жүргізу өте қажет. Менің ойымша, жыл сайын ғылыми мониторинг пен сараптамаға сүйенген ұлттық баяндама дайындалып, сонда айтылған жетістіктер мен кемшіліктер бойынша келер жылғы осы саладағы жоспарлар бекітілуі қажет сияқты. Мысалы, жыл сайын ел бойынша жойылудың жоғарғы сатысында тұрған нысанның тізімі жасалып, сол тізімге және туристік кластерлер мен бағыттарға сай зерттеу, консервациялық және реставрациялық жұмыстар жасалынса екен. Жуықта дүниежүзілік мұралардың алдын-ала тізіміне енген ортағасырлық Талхиз қала жұртының көз алдымызда қиратылуы халықаралық ЮНЕСКО мекемесінің қаһарын төгуі мен Қазақстан Үкіметінің осы тізімдегі ескерткіштерді дүние жүзі алдында сақтау мен қорғауға жауапты болғандығы арқасында аман қалды. Ал тарихи құндылығы бұдан да жоғары, күнделікті бұзылып, елеусіз, иесіз жатқан қаншама ортағасырлық қала жұрттары, обалар, жартастағы суреттер галереялары бар. Бір ғана мысал, соңғы бес жылда тек Шығыс Қазақстан облысындағы археологиялық ескерткіштерде мынадай тонаушылық пен бұзушылық әрекеттері орын алған: Шыңғыстау өңіріндегі «Қаражыра», «Балапан» көмір өндіру орындары, «Алтынқазған» сынды ірі кен өндіру орындарындағы ескерткіштердің бұзылуы; Аягөз ауданындағы Қырықоба

қорымының бульдозермен қазылып, тоналған ерте темір дәуірінің обалары; Семей қаласы аумағындағы Көкентау обалары мен қоныстары және т.б. Ескерткіштерді қорғау мен сақтауда облыстық әкімдіктер өз жауапкершіліктерін әлі де толық сезінбеуде. (1-суртеттер) Дегенмен, соңғы жылдары Маңғыстау, Қызылорда, Жамбыл және Шығыс Қазақстан облыстарының мысалында ескерткіштерді зерттеу, сақтау мен насихаттау саласында жақсы бастамалар бар. Мысалы, Қызылорда облысында сақтардың Шірікрабат қала жұрты, ортағасырлық Жанкент, Сығанақ қала жұрттары және Сауысқандық петроглифтері зерттеліп жатса, Жамбыл облысында ежелгі Тараз қалашығында кешенді қазба жұмыстары жүргізіліп, «Көне Тараз» археологиялық паркі жасақталды. Маңғыстау облысы әкімдігінің «Тарих және мәдениет ескерткіштеріне қоғамдық қамқоршылықты бекіту туралы» 2006 жылғы маусымның 30-ындағы қаулысына сәйкес, облыс көлеміндегі республикалық және жергілікті мәртебелі ескерткіштерге қамқоршылыққа кәсіпорындар мен жауапты мемлекеттік қызметкерлер бекітіліп, 2006-2010 жылдар аралығында ескерткіштерді қорғау аймақтарында 28 қоршау, 23 қорғау тақталары, 29 жолсілтегіш орнатылды. Мемлекеттің қорғауындағы тарихи және мәдени ескерткіштерінің қорғау аймағына көгалдандыру және абаттандыру шаралары жүргізілді. Былтырдан бастап осы бастамалар жалғасы Шығыс Қазақстан облысында Шілікті, Берел, Елекесазы және Абылайкит сынды археологиялық ескерткіштерді зерттеумен жалғасқан-ды. Жаһандық әлемде Қазақстанды қай жерден көретініміз біздің мәдени-рухани құндылықтарымызды қалай қорғауымызға, сақтауымыз бен жаңғыртуымызға байланысты.[5]

Қолданған әдебиеттер:

1. Мәдени мұра. Тарихи орналасқан ескерткіш – Алтын адам, Арыстан баб, Айша бибі кесенесі. Жас алаш, 2003 желтоқсан
2. Қазақ Ұлттық энциклопедиясы. 1,2,3,5,8
3. Садықов С. Тастағы тарихымызды іздейік. Қазақ елі, 2005
4. Тоқтабай А. Ескерткіштер – ел тарихы: тарихи ескерткіштерге рестобрация жасау мәселелері // Қазақ әдебиеті, 2003 мамыр
5. Оңғар А. Egemen.kz, 2017 жыл



Ірі кен өндіру орындарындағы ескерткіштердің бұзылуы